

Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округінде орналасқан "Ерлік" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 1-04/04 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қаңтарда № 6715 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 шілдедегі № 1-04/27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 23.07.2020 № 1-04/27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 03 желтоқсандағы № 2-19/227 ұсынысы негізінде, Торайғыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округінде орналасқан "Ерлік" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Торайғыр ауылдық округінің әкімі

А. Абраров